

ОӘЖ 619: 616.99:636.3

**К.Е. Мурзабаев**, ветеринария ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

**А.К. Кереев**, PhD, аға оқытушы

**Э.К. Каримова**, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті, Орал қ., ҚР

## **ҚОЙЛАРДЫҢ ПСОРОПТОЗЫ КЕЗІНДЕ ӘРТҮРЛІ ПРЕПАРАТТАРДЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ҚОЛДАНУ**

### **Аннотация**

Мақалада ақжайық етті-жүнді тұқымы қойларының псороптозына қарсы әртүрлі препараттарды салыстырмалы түрде қолдану нәтижелері берілген. Зерттеу нәтижелері бойынша препараттарды бұлшықетке және де тері астына енгізу кезінде де барлық қолданылған препараттар ішінен жаңа Мерадок препараты бір инъекция арқылы 100% терапиялық тиімділік көрсетті.

***Түйін сөздер:** қой псороптозы, псороптозға қарсы препараттар, қолдану нәтижелері, Мерадок препараты, тиімділігі.*

### **Кіріспе**

Псороптоз – қышыма қотыр өте кең тараған ауру. Оған барлық мал шалдығады. Сондықтан ол өте жиі кездесіп, шаруашылықтарға өте көп зиян келтіреді. Қой өсіретін шаруашылықтардағы қойлардың ішінде асыл жүнді, биязы жүнді қойлар нәзік болып келетіні белгілі. Сондықтан бұл ауруға жиі шалдығады. Барлық жастағы малдар ауырады.

Қотыр ауруы малды ұстаудың санитарлық-гигиеналық ережелері сақталмаған шаруашылықтарда пайда болады. Ауру барлық қойды түгел қамтиды, дегенмен биязы, биязылау жүнді тоқтылар, ұсақ малдар тез шалдыққыш боп келеді.

Ауру көбінесе күз-қыс айларында өршиді. Оның өрістеуі мен етек алуының негізгі себептері ауа райының жылылығына, ылғалдылығына, қой жүнінің біркелкі өсуіне, мал терісінің физиологиялық жағдайына байланысты [1].

Қотыр ауруы тамыз, қыркүйек айларында байқалады да күздің аяғы мен қыс кезінде бүкіл малды қамтиды. Егер қойлар арық боп, оларда авитаминоз байқалса, ауруға қарсы тұру күші төмендесе, онда қотыр ауруы асқынып, ушығады.

Көктемгі қыркымнан соң аурудың өршуі баяулап, мал сақаяды да терінің қалың қатпарларында ғана қара қотырланған орындар қалады. Бұл қотыр ауруы түгел денеге жайылмаған, бірақ, кенелердің уақытша өсіп-жетілуін тоқтату кезеңі байқалады, кенелер қой денесінің күн сәулесі еркін түспейтін, ылғалды жерлерде (тері қатпарлары, көздің үсті, ойығы, шабы, құлақ түбі) ұзақ сақталады [2].

Қой қотырының басқа малға залалы болмайды. Дегенмен қоздырушы кене көпке дейін итін, жылқының, өгіздің, түйенің немесе қорада кездесетін әр түрлі кеміргіштердің денесінде сақталып, қайтадан қойға ауысуы мүмкін. Кейде бұрын ауру мал ұсталған қораларға екі ай толмастан қой кіргізгенде немесе бір айға жетер жетпес ауру мал жайылған өріске сау қойларды жайғанда ауру орын алады.

Аталмыш эктопаразиттердің қой шаруашылығына зияны зор. Олар қойларды зақымдау арқылы олардың жүн өнімділігін төмендетеді, төл беруіне әсер етеді және кейде жануарлар өлім-жегіміне әкеледі. Эктопаразиттермен күресу үшін көп еңбек күшін қажет ететін, ақшалай және дәрілік шығын келтіретін емдеу шараларын өткізу қажет.

Қотырды емдеу үшін алғашында темекі қайнатпаларын, карбол қышқылының қосылыстарын, тасты көмірлі креолин және фосфор органикалық қосылыстарды пайдаланды. Аталмыш заттарды қолдану кезінде емдік тиімділігі төмен болды. Кейін гексахлоран қосылған креолин қолданды. Бұл кездері акарроздардың алдын алу мақсатында, қажет болған жағдайда емдеу үшін аталмыш препаратқа күзгі мезгілде шомылдырды. Бірақ та бұл тәсіл тиімді болғанмен көп жұмыс күшін қажет етеді. Қазіргі кезде гексохлоран шығарылмайды. Кейін гексохлораннан соң шомылдыру арқылы, үстіне құю арқылы, тері астына және бұлшықетке қолдану арқылы байланыстырушы және жүйелі әсер етуші химиялық құрамы әртүрлі препараттар табылды. Жүйелі түрде әсер ететін макроциклдік лактондар негізіндегі препараттарды тері астына және бұлшықетке қолдану арқылы қойларды шомылдырмай қысқы уақытта пайдалану қолайлы. Бұл препараттарды көбіне 10-14 күн аралықтағы интервалмен екі рет енгізеді. Кенелер қайта табылған жағдайда қайтадан өңдейді [3].

Біздің жұмысымыздың мақсаты – псороптозға қарсы әртүрлі препараттардың тиімділігін

анықтау.

**Зерттеу материалы және әдістері**

Зерттеу жұмысы Таскала ауданының Атамекен елді мекеніндегі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университетінің ақжайық етті-жүнді бағыттағы асыл тұқымды шаруашылығында жүргізілді. Зерттеу материалы ретінде псороптозға шалдыққан 160 бас ақжайық етті-жүнді бағыттағы асыл тұқымды қой алынды. Қойлар екі топқа бөлінді. Бірінші топтағы 80 бас қойларға препараттарды тері астына енгіздік. Екінші топтағы 80 қойға бұлшықетке енгіздік. Әр топтағы жануарлардың 20 бас малына Баймек препаратын, 20 бас малына Цевамек, 20 бас малына Ивермек және 20 бас малына Мерадок жаңа препаратын енгіздік. Мерадок дорамектин негізіндегі парентеральды енгізілетін инъекциялық жаңа препарат. Ол кең спектрлі эндектоцидтер тобына жатады.

Препараттардың терапиялық әсерін псороптоздың клиникалық көрінісіне және тері қырындысында Psoroptes тұқымдасының кенелерінің жойылуын 2 рет 15 күннен соң қарау арқылы мортальдық және витальдық әдістермен анықталды. Витальдық әдіс кезінде Д. А. Приселкованың әдісін пайдаландық, яғни тері қырындысын зертханалық шыны тостағанға немесе әйнекке салып, үстіне екі еседей керосин қостық. Препараттау инесімен қырынды қабыршықтарын дұрыстап алмастырдық та, оның жеке бөлшектерін жапқыш шыныға салып, микроскоппен қарадық. Қотыр кенелері болса, керосинде 4 сағаттай тіршілік етіп, қимылдап тұрады.

Мортальдық әдіс кезінде М. Б. Добычинның әдісі пайдаланылды. Шыны түтікке 1 мл 10%-дық ащы натр ертіндісіне тері қырындысын салып 1-2 минут қыздырдық. 3-5 минуттан соң шыны түтікшеге 55%-дық кант немесе 60%-дық гипосульфит ертіндісін толтырып құйдық та 5-10 минутқа қойдық. Содан соң жіңішке сым ілмешегімен ертіндінің бетінен 1-2 тамшы сұйықты алдық, заттық шыныға салып, жабынды шынымен жауып, микроскоппен зерттедік [4].

**Зерттеу нәтижелері және талқылау**

Препараттардың терапиялық тиімділігі 1-2 кестелерде көрсетілген. Кестелерде берілген зерттеу нәтижелеріне қарасақ, Мерадок препараты 100% терапиялық тиімділік береді. Әр топ жануарларындағы Psoroptes тұқымдасының кенелерін жою үшін 1 инъекция жеткілікті болды.

1 кесте – Қой псороптозы кезінде әртүрлі препараттарды тері астына енгізу арқылы қолданудың тиімділігі

№	Препарат	Қой саны	Инъекция саны	Терапиялық тиімділігі	Инъекция саны	Терапиялық тиімділігі
1	Мерадок	20	1	100%	-	-
2	Ивермек	20	1	90%	2	100%
3	Цевамек	20	1	80%	2	95%
4	Баймек	20	1	80%	2	95%

2 кесте – Қой псороптозы кезінде әртүрлі препараттарды бұлшықетке енгізу арқылы қолданудың тиімділігі

№	Препарат	Қой саны	Инъекция саны	Терапиялық тиімділігі
1	Мерадок	20	1	100%
2	Ивермек	20	1	100%
3	Цевамек	20	1	95%
4	Баймек	20	1	95%

Қалған препараттардың тиімділігінің төмен болуын қазіргі кезде ветеринария саласында жиі байқалатын паразиттердің резистенттілігінің дамуымен түсіндіруге болады. Аталмыш препараттармен жануарларды емдеу үшін бұл препараттардың инъекция санын немесе дозасын көбейту керек деп ойлаймыз.

Осыған орай, Psoroptes тұқымдасының кенелерін жоюда жануарларға тері астына және бұлшықетке енгізу кезінде де паразитке қарсы жоғары тиімділік көрсеткен Мерадок препаратын қолдануды ұсынамыз.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1 Акбаев М.Ш., Василевич Ф.И., Акбаев Р.М., Водянов А.А., Косминков Н.Е., Пашин П.И., Ятусевич А.И. Паразитология и инвазионные болезни животных. 3-е издание, переработанное и дополненное. – М.: «КолосС». – 2008. – 776 с.

2 Ятусевич А.И., Рачковская И.В., Каплич В.М. Ветеринарная и медицинская паразитология. – М.: «Медицинская литература». – 2001. – 320 с.

3 Матвеев Л.В. Болезни кожи животных. – Нижний Новгород, 2000. – 120 с.

4 Ургуев К., Атаев А. Болезни овец. Справочник. Диагностика и меры борьбы с болезнями овец. – Махачкала, 2004. – С.3.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье представлены результаты использования в сравнительном аспекте различных препаратов против псороптоза овец акжаикской мясо-шерстной породы. По результатам исследования видно, что современный препарат Мерадок показал 100% терапевтическую эффективность во внутримышечном и даже в подкожном введении при одной инъекции.

#### **RESUME**

The article presents the results of using the comparative aspect of various drugs against common scab akzhaiksoy mjasosherstnyh sheep breed. According to the survey it can be seen that the present drug showed 100% Meradok therapeutic efficacy of intramuscular and subcutaneous administration, even at one injection.